

**ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ «ӘДІЛЕТТІ  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ» ЖОЛДАУЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ  
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН «ҚОҒАМДЫҚ  
ПРОЦЕСТЕРДІ ЖАҢҒЫРТУ МАЗМҰНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
КОНСТИТУЦИЯСЫ МЕН ЗАҢНАМАСЫ: ДИАЛОГ ЖӘНЕ ҮДЕМЕЛІ ДАМУЫ»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ  
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«КОНСТИТУЦИЯ И ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В  
КОНТЕКСТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ ПРОЦЕССОВ: ДИАЛОГ И  
ПОСТУПАТЕЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ», ПОСВЯЩЕННОЙ КОНСТИТУЦИОННО-  
ПРАВОВЫМ АСПЕКТАМ РЕАЛИЗАЦИИ ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА РК ОТ  
1 СЕНТЯБРЯ 2023 ГОДА «ЭКОНОМИЧЕСКИЙ КУРС СПРАВЕДЛИВОГО  
КАЗАХСТАНА»**

**COLLECTION OF MATERIALS  
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE  
«CONSTITUTION AND LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE  
CONTEXT OF MODERNIZATION OF SOCIAL PROCESSES: DIALOGUE AND  
PROGRESSIVE DEVELOPMENT», DEDICATED TO THE CONSTITUTIONAL AND  
LEGAL ASPECTS OF THE IMPLEMENTATION OF THE ADDRESS OF THE  
PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN DATED SEPTEMBER 1, 2023  
«ECONOMIC COURSE OF FAIR KAZAKHSTAN»**

**АСТАНА, 2023**

УДК 342.4 (574)  
ББК 67.400 (5Каз)  
Қ 54

**Редакционная коллегия:**

Главный редактор: Бектурганов А.Е.

Члены редакционной коллегии: Мукашева А.А., Сактаганова И.С., Нургалиева А.Б.,  
Ахметов Е.Б.

**ISBN 978-601-337-920-3**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауын іске асырудың конституциялық-құқықтық аспектілеріне арналған **«Қоғамдық процестерді жаңғырту контексіндегі Қазақстан Республикасының Конституциясы және заңнамасы: диалог және үдемелі даму»** халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. - Астана: Еуразия ұлттық университеті. Л. Н. Гумилева, 2023. – 363 б.

Сборник материалов международной научно-практической конференции **«Конституция и законодательство республики казахстан в контексте модернизации общественных процессов: диалог и поступательное развитие»**, посвященной конституционно-правовым аспектам реализации Послания Президента Республики Казахстан от 1 сентября 2023 года «Экономический курс Справедливого Казахстана». – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2023. – 363 с.

Collection of materials of the international scientific and practical conference **«Constitution and legislation of the Republic of Kazakhstan in the context of modernization of social processes: dialogue and progressive development»**, dedicated to the constitutional and legal aspects of the implementation of the Address of the President of the Republic of Kazakhstan dated September 1, 2023 «Economic course of Fair Kazakhstan». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2023. – 363 p.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция баяндамалар жинағында Әділетті Қазақстанды құрудың ұлттық идеясы шеңберінде жүргізіліп жатқан конституциялық және сот-құқықтық реформаның өзекті аспектілеріне қатысты мәселелер қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены вопросы, касающиеся актуальных аспектов конституционной и судебно-правовой реформы, проводимой в рамках национальной идеи построения Справедливого Казахстана.

The collection of materials of the international scientific and practical conference considered issues related to the current aspects of constitutional and judicial law reform, carried out within the framework of the national idea of building a just Kazakhstan.

**ISBN 978-601-337-920-3**

УДК 342.4 (574)  
ББК 67.400 (5Каз)

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023  
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2023  
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2023

**ЖАНУАРЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМІ:ЗАҢНАМАНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ.****Бектурганов Абдиманап Еликбаевич**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы, профессор, Астана қ., Қазақстан Республикасы, e-mail [bekturganov@mail.ru](mailto:bekturganov@mail.ru)*

**Мукашева Анар Абайханқызы**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы, Астана қ., Қазақстан Республикасы, e-mail [anarabai@mail.ru](mailto:anarabai@mail.ru)*

**Жусипова Бакыт Акылбаевна**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, Астана қ., Қазақстан Республикасы, e-mail [bakyt-enu@yandex.kz](mailto:bakyt-enu@yandex.kz)*

**Аннотация.** Ғылыми мақалада жануарларға жауапкершілікпен қарауды құқықтық реттеу мәселелерін қарастырады, Қазақстанның заңнамасы мен заң ғылымындағы жануарларға жауапкершілікпен қараудың ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері, түсінігі, мақсаты, түрлері және арнайы құқықтық режимдері зерттелді. Жануарлар, жекелеген санаттардағы жануарларды ұстау және пайдалану, жануарлар әлемі, жануарларды қорғау, жануарларға жауапкершілікпен қарауды мемлекеттік реттеудің құқықтық режиміне құқықтық баға беріледі.

**Түйінді сөздер.** Жануарлар, жануарлар дүниесі, үй жануарлары, қараусыз жануарлар, азаматтық құқық объектісі, азаматтық құқықтық режим.

**Abstract.** The scientific article discusses in detail the issues of legal regulation of the treatment of living, studied organizational and legal foundations, concepts, goals, types and special legal regimes of responsible treatment of living in accordance with the legislation and legal science of Kazakhstan. The legal assessment of the legal regime of state regulation of the maintenance and use of animals, animals of certain categories, wildlife, animal protection, responsible treatment of animals is given.

**Keywords.** Animals, pets, neglected animals, wildlife, object of civil law, civil law regime, property right.

**Аннотация.** В научной статье подробно рассматриваются вопросы правового регулирования обращения с животными, исследованы организационно-правовые основы, понятие, цель, виды и специальные правовые режимы ответственного обращения с животными в законодательстве и юридической науке Казахстана. Дается правовая оценка правовому режиму государственного регулирования содержания и использования животных, животных отдельных категорий, животного мира, охраны животных, ответственного обращения с животными.

**Ключевые слова.** Животные, животный мир, домашние животные, безнадзорные животные, объект гражданского права, гражданско-правовой режим.

*Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылыми комитеті қаржыландыратын АР19679495-«Жануарлардың құқықтық режимін регламенттеу мәселелері: отандық және шетелдік тәжірибе» жобасын іске асыру мақсатында дайындалды.*

Қазіргі уақытта Отандық заңнамаларда жануарларға қатысты қоғамдық қатынастарға көп көңіл бөлінуде. Жануарларға жанашыр өкілдерінің пікірінше жануарлар адамдармен бірге өмір сүруіне байланысты оларды бірдей қорғауды талап етеді. Бұл мәселенің

маңыздылығы жануарлармен қарым-қатынасқа байланысты туындайтын қатынастар құқықтың әртүрлі салаларымен реттелінеді.

Жануарларға жауапкершілікпен қарауға байланысты қатынастарды құқықтық реттеу мәселелері бойынша отандық және шетелдік заңнамаға кешенді салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізе отырып, қарастырылып отырған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық, экология және жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы заңнамаларының кемшіліктерін анықтауды және ұсыныстар әзірлеуді көздейді.

Азаматтық және басқа да құқықтық қатынастардың объектілері ретінде жануарлардың құқықтық режимі заң ғылымында аз зерттелген.

Жануарлардың заңнамалық анықтамасының болмауынан бастап мұндай мәселелер көптігін INUCOVO Жануарларды қорғау қауымдастығының Президенті О.Ченцованың еңбектерінде көп жазылып жүр, оның пікірінше «жануарлар әртүрлі санаттарға ие және олар үшін әртүрлі құқықтық режим орнауы тиіс, содан кейін терминологиялық мәселелердің бірі қаңғыбас жануарларға қатысты әртүрлі пікір қалыптасқан» [1]

«Жануарлар» түсінігіне бір уақытта кем дегенде екі белгісі әрекет етеді: Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 124-бабы және басқа да бірқатар нормалары кездеседі<sup>112</sup>, Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңдардың қолданылу аясына кіретін экологиялық және фауналық құқықтық қатынастардың объектілеріне жатады. Бұл екі түсінік жануарлар дүниесі объектілерін пайдалану және қорғау жөніндегі қатынастарды құқықтық реттеуде бірқатар олқылықтар мен қайшылықтардың болуын анықтайды. Қолданыстағы заңнамада барлық жануарларға тән және белгілі бір тірі организмдерді құқықтық қатынастар объектілері ретінде жануарлар санатына жатқызуға мүмкіндік беретін біліктілік белгілерінің нақты көрсеткіштері бар дефиниция нормалары жоқ.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Заңның 1-бабы 38- тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағын тұрақты немесе уақытша мекендейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрлықтағы қайраңының және айрықша экономикалық аймағының табиғи ресурстарына жататын жануарлар, тірі организмдердің жиынтығы деп түсіндіріледі<sup>113</sup>. Бұл анықтама, шын мәнінде, жануарлар әлемінің объектілері сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер және тағы басқалары болып табылады, Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңның талаптарына сәйкес қолданылады. Басқа жағынан, жоғарыда келтірілген анықтамадан үй жануарлары осы Заңның күшіне енбейтіндігі және оларды пайдалану мен қорғау жөніндегі табиғи-ресурстық және экологиялық заңнаманың нормалары қолданылмайтындығы туындайды.

Қазақстанда жануарларды қорғау, оларға жауапкершілікпен қарау мәселесін, меншік құқығының объектісі ретінде жануарларды тану, үй жануарларының иесінің құқықтары мен міндеттерін құқықтық реттеу үшін жаңа заңнама Қазақстан Республикасында Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы Заңы 2021 жылғы 30 желтоқсанда қабылданып, құқық жүйесінде өзіндік орынға иеленді.

Қазақстан Республикасында Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы Заңы (бұдан әрі-ҚРЖЖҚТЗ) 1-бабының 6-тармағында «жануарлар» ұғымына омыртқалы жануарлар деген түсінік берген<sup>114</sup>, Уикипедия ашық энциклопедиясында «Омыртқалылар жер бетінде кең тараған, оларды әлемдік мұхиттардың түбінен бастап, биік таулы аймақтар

<sup>112</sup> Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (жүгінген күні 12.11.2023 ж)

<sup>113</sup> Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 593 Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000593> (жүгінген күні 12.11.2023 ж)

<sup>114</sup> Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 97-VII ҚРЗ. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000097#z259> (жүгінген күні 12.11.2023 ж)

мен сусыз шөлді жерлерден кездестіруге болатындығына және омыртқалылардың биосферада алатын орны зор, әдетте бұлар биоценоздағы трофиттік (қоректік) тізбекті аяқтайды. Омыртқалылардың адам өмірі үшін маңызы зор. Өйткені Омыртқалыларға кәсіптік аң және ауыл шаруашылығы жануарларының негізгі көпшілігі жатады. Омыртқалылардың арасында ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы зиянкестері, ауру тарататын түрлері де жетерлік» яғни барлық жануарларды жатқызып отыр [2]

ҚРЖЖҚТ Заңның преамбуласында «жануарларды қорғау, оларға қарау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адамгершілікті нығайту және қоғамның ізгілік қағидаттарын сақтау, сондай-ақ жануарларға қарау кезінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді» яғни жалпы жануарларды қорғау және оларға жауапкершілікпен қарау саласындағы жүйесін реттеу өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Дегенмен, ҚРЖЖҚТ Заң нормалары жануарларды ұстау, пайдалану кезіндегі ерекшеліктерін жекелеген санаттарға бөліп қарастырады. Олар: жабайы жануарлар, эксперименттік (зертханалық) жануарлар, қызметтік жануарлар, үй жануарлары (компаньон жануарлар), қаңғыбас жануарлар, қараусыз қалған жануарлар.

Оларды келесідей жіктеуге болады: Біріншісі жабайы жануарлар биологиялық ресурс ретінде өзінің мекендеу ортасы бар, еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын жануарлар болып танылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабы меншік құқығы доктринасын нақтылап бергендіктен, жануарлар азаматтық құқық объектісі ретінде меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Демек жануарлардың аталған белгілерге сәйкестігін анықтау олардың азаматтық құқықтар объектілеріне қатыстылығы туралы мәселені шешуге мүмкіндік береді. Жануарлар дүниесі Халыққа тиісілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады<sup>115</sup>

Жануарлар дүниесі объектілері жануарлар дүниесі қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңда белгіленген негіздер бойынша жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларға пайдалануға беріледі.

С.А. Балашенконың пікірінше, «жануарлар дүниесі объектілерінің тіршілік ету ортасын қорғау бұл жануарлар дүниесі объектілерінің табиғи өсімін молайтуды және оларды орнықты пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын сақтауға, қалпына келтіруге бағытталған қызмет болып табылады» [3,284б]

Жабайы жануарларды пайдалану кезінде өсімін молайту және орнықты пайдалану, ізгілік принциптеріне сәйкес жануарларға қатал қарауға жол бермейтін тәсілдермен пайдаланады, бұл биологиялық әртүрлілікті үнемді тұрақты пайдалануды білдіреді, осылайша болашақ ұрпақтың жануарларды пайдалану мүмкіндігіне қауіп төндірмей, қалпына келтіру қабілетінен айырылмайды.

ҚР Экология кодексінің 244-бабының жануарлар дүниесін жалпы пайдалану кезінде жануарларды алуға, олардың паналау орындарын және басқа да құрылысжайларын қиратуға, жануарларды көбею кезінде мазалауға, жануарлардың мекендеу ортасын бұзуға және олардың көбею жағдайларын нашарлатуға тыйым салынады<sup>116</sup>

Екіншісі ауылшаруашылығы жануарларына адам өсіретін, ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей қатысы бар жануарлардың барлық түрлері жатқызылады.

<sup>115</sup> Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (жүгінген күні 12.11.2023 ж)

<sup>116</sup> Қазақстан Республикасының Экология Кодексі Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі.// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400> (жүгінген күні 12.11.2023 ж)

Жануарларына қарау кезіндегі талаптар ветеринарлық санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге асырылды<sup>117</sup>

Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа қойылатын талаптар Ветеринария туралы Заңның 8-бабының 22-тармақшасына сәйкес Уәкілетті органдар ветеринария саласындағы техникалық регламенттерді әзірледі<sup>118</sup>

Үшіншісі жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалану және ұстау адамның және жануардың өмірі мен саулығына зиян келтіруді болғызбау үшін қажетті қауіпсіздік шараларын сақтау ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

Жануарларды мәдени ойын-сауық мақсаттарында пайдалану және оларды ұстау қағидаларын бекіту туралы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы бұйрығына сәйкес, «жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсатында пайдалану үшін ұстау орындарына келушімен жануардың физикалық жанасуына жол берілмейді. Жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдаланатын иесі зоопарктерге (зообактарға, цирктерге, зоотеатрларға, дельфинарийлерге, океанариумдарға, көрмелерге және басқа да іс-шараларға) келушілердің (көрермендердің) қауіпсіздігін жануарлардың қатысуымен, адамдардың денсаулығы мен өміріне қатер төндіретін жануарлармен байланысты болдырмау жолымен, оның ішінде келушілерді қауіпсіз қашықтыққа орналастыру арқылы қамтамасыз етеді көрсету орны (манеж, сахна және т. б.) арасында сақтандыру кедергілерін орнатуға жол берілмейді, келушілерді (көрермендерді) жануарлармен санкцияланбаған байланыстың қауіптілігі туралы хабардар ету (ауызша немесе жазбаша), сондай-ақ келушілерді (көрермендерді) жануарлардың қойылымдарына қатысуға тартуға шектеу қою арқылы қамтамасыз етіледі»<sup>119</sup>

Төртіншісі жануарларды эксперименттік (зертханалық) медициналық мақсаттарда жануарларға қатгездікпен қарауды көздейтін пайдалану осы мақсаттар үшін баламалы объектілер мен модельдерді пайдалану мүмкін болмайтын жағдайларда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Жануарларға емшараларды жүргізу ауырсынуды, физикалық қиналуды барынша азайту үшін ауырсынуды басу немесе анестезия қолданыла отырып жүзеге асырылады.

Ғылыми мақсаттарда, оның ішінде клиникаға дейінгі зерттеулер жүргізу үшін биологиялық тест-жүйелер ретінде пайдаланылатын жануарлардың құқықтық мәртебесі, санаты күрделі болып табылады. Белгілі бір дәрілік заттарды сынау үшін сынақ объектісі ретінде пайдаланылатын тірі заттардың құқықтарын анықтаудағы әлемдік жұртшылық тарапынан көзқарастар өте аралас.

Бүгінгі таңда белгілі бір халықаралық-құқықтық нормативтік актілерді әзірлеуге және қабылдауға құқығы бар әр түрлі елдердің өкілдері әртүрлі халықаралық ұйымдар шеңберінде тиісті құқықтық базаны құру немесе жануарлардың мәртебесін анықтау, құқық субъектілерінің осы қорғалмаған санатына адамгершілік қатынас, олардың құқықтары мен кепілдіктерінің тізбесі, осындай құқықтарды беру және қорғау, қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы халықаралық-құқықтық актілерді пысықтау бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Тиісті фармацевтикалық практикаларды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2021 жылғы 4 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығына сәйкес, сынақ зертханасында әртүрлі жануарларды немесе өсімдіктерді, сондай-ақ микробтық немесе басқа да жасушалық немесе субжасушалық жүйелерді қатыстыруды

<sup>117</sup> Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011940>\_(жүгінген күні 12.11.2023 ж)

<sup>118</sup> Ветеринария туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 339 Заңы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000339>\_(жүгінген күні 12.11.2023 ж)

<sup>119</sup> Жануарларды мәдени ойын-сауық мақсаттарында пайдалану және оларды ұстау қағидаларын бекіту туралы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы бұйрығы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028196>\_(жүгінген күні 12.11.2023 ж)

қажет ететін зерттеулер жүргізілуі мүмкін. Пайдаланылатын тест-жүйелердің түрі инспектор тексеретін қолдану, орналастыру және оқшаулауға қатысты аспектілерді анықтайды<sup>120</sup>

Бесіншісі қызметтік жануарларға іздеу, күзету, патрульдік-бекеттік, қорғау-қарауыл, іздестіру-күтқару мақсаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де қызметтік мақсаттарда арнайы даярланған және пайдаланылатын (қолданылатын) жануарларды жатқызады.

Қызметтік иттерді әскери қызметшілерді қорғау, олардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін қаскүнемдердің шабуылынан өзін-өзі қорғау; ішкі істер органдарымен бірлесіп, қоғамдық тәртіпті күзетуді жүзеге асыру, жаппай тәртіпсіздіктің жолын кесу, қоғамдық қауіпсіздік пен төтенше және соғыс жағдайы құқықтық режимін қамтамасыз ету, сондай-ақ табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың салдарын жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру; әскери бөлімдердегі жаппай тәртіпсіздіктің, сондай-ақ әскери қызметшілердің қоғамдық тәртіпті және әскери тәртіпті топтасып бұзуының жолын кесу; әскери қалашықтарға, объектілерге, құрылыстарға, үй-жайларға, ғимараттарға және әскери көлік құралдарына жасалған шабуылды тойтару немесе оларды басып алған жағдайда босату; егер құқық бұзушылар әскери тәртіпті сақтау және қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі өздеріне жүктелген міндеттерді орындайтын әскери полиция қызметкерлеріне бағынбаса немесе қарсылық көрсетсе, оларды әскери бөлімдерге және гауптвахтаға жеткізу, ұсталған, күзетпен қамауға алынған адамдарды айдауылмен алып жүру және күзету үшін ұстау; анықтау органдарынан жасырынып жүрген, сондай-ақ бөлімді немесе қызмет орнын өз еркімен тастап кеткен әскери қызметшілерді іздестіру; есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды заңсыз сақтау, қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды ұрлау және жоғалту, сондай-ақ әскери қызметшілерді іздестіру фактілерінің алдын алуға және оларды анықтауға бағытталған алдын алу іс-шараларын жүргізу; Қазақстан Республикасының құқық қорғау және (немесе) мемлекеттік арнаулы органдары өткізетін іс-шараларға әскери полиция органдарының әскери қызметшілері тартылған жағдайларда қолданылады<sup>121</sup>

Алтыншысы үй жануарлары (компаньон жануарлар) түсінігін ҚРЖЖҚт Заңның 1-бабының 24-тармағына сәйкес, қай түрге жататынына қарамастан, адам эстетикалық қажеттіліктері мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дәстүрлі түрде асырайтын және өсіретін жануарлар деп аталады.

Үй жануарларын ұстау жөніндегі талаптар:

- үй жануарларын күтіп-бағу жағдайлары олардың биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келуге, олардың табиғи қажеттерін қанағаттандырады;

-Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес үй жануарлары ауруларының профилактикасын, диагностикасын, оларды емдеуді және жоюды қамтамасыз ету болып табылады.

-үй жануарының иесі және жауапты адамы, адамдар мен жануарлардың денсаулығына қауіп төндіруге, айналадағыларға зиян келтіруге жол бермейтін жағдайларды қамтамасыз етеді<sup>122</sup>

Бұл ретте жануарлармен байланысты қатынастарды бірыңғай заңнамалық актіде- тек адамгершілік қана емес, сонымен бірге жануарларға жауапкершілікпен қарау тұрғысынан реттеуге неғұрлым кең көзқарас орынды болып көрінеді. Бұл, біріншіден, жануарларды қатыгездіктен қорғаудан кем емес, айналадағыларға туындайтын қауіптер мен

<sup>120</sup> Тиісті фармацевтикалық практикаларды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2021 жылғы 4 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығы// [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022167\\_\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022167__) (жүгінген күні 12.11.2023 ж)

<sup>121</sup> Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының кинологиялық қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 821 бұйрығы.// [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029800\\_\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029800__) (жүгінген күні 12.11.2023 ж)

<sup>122</sup> Үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы № 168 бұйрығы// [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028138\\_\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028138__) (жүгінген күні 12.11.2023 ж)

қолайсыздықтардан қорғау маңызды болып табылады, екіншіден, кейбір жағдайларда жануарларды дәстүрлі түрде асырайтын және өсіру кезінде осы екі аспектісін ажырату қиын және тіпті мүмкін де емес, бір жағынан үй иесі жануарларға қамқорлық жасауы мүмкін, екінші жағынан олардың табиғи қажеттерін қанағаттандырмауы мүмкін (мысалы, бір пәтерде бірнеше ондаған мысықтарды ұстау бұл жануарларға адамгершілікке жатпайды және үй иелерінің жауапкершілігін туындатады).

Әрине, біз жауапкершілікпен қарау туралы айтатын болсақ, ең алдымен үй жануарлары өйткені олар адамдармен бірге жақын жерде тұрады, олар адамға шабуыл жасауы, жануарлар мен адамдарға ортақ ауруларды тасымалдауы, үйлерде және көшелерде шу, кір, иіс және т. б. проблемалар туғызуы да мүмкін.

Алайда, заңда тек үй жануарлармен жұмыс істеу ережелері бірдей, шектелу дұрыс болмас еді, өйткені, мысалы, шағын қалалар мен әсіресе ауылдық елді мекендер үшін, сондай-ақ саяжайлар мен басқа елді мекендер үшін ауылшаруашылық жануарларын жеке аулаларда, жеке және бақша учаскелерінде, тіпті пәтерлерде ұстау ерекшеліктері әртүрлі болып табылады.

Жетіншісі қаңғыбас және қараусыз қалған жануар түсінігіне сипатама беріледі. ҚРЖЖҚТ Заңның 1-бабы 18-тармағында қаңғыбас жануарлар ұғымын ашады, бұл иесі жоқ иттер мен мысықтар, демек иесі белгісіз жануарлар болып табылады. Жануардың иесі деп жануар меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде тиесілі жеке немесе заңды тұлға түсіндіріледі. Иесі бар жануарларға мыналар жатады: үй жануарлары, жабайы жануарлар (мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалану және ұстау үшін), қызметтік жануарлар және қараусыз жануарлар. Қараусыз қалған жануар мен қаңғыбас жануарды ажырату маңызды. Қараусыз қалған жануарлар- ұстау орнынан тыс жерде және жануардың иесі және (немесе) жауапты адам тарапынан бақылаусыз қалған жануарлар.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 246-бабы, қараусыз жануарлар-иесі белгісіз үй жануарлары деп түсіндіріледі. Яғни, қараусыз жануар (бақылаусыз жануар) иесі жоқ жануар емес, ол табылған жағдайда дереу қайтаруды талап ететін жоғалған жануар. Бастапқыда бұл норма ауыл халқы үшін ерекше құнды болған малға (сиыр, жылқы, қой) бағытталған. Қазір ол кез-келген үй жануарларына қатысты. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі қараусыз жануарларға қатысты оларды иесіне қайтару тәртібін және мұндай жануарға меншік құқығын алу мүмкіндігін бекітеді.

Бір қызығы, жалпы жануарларды мүліктің бір түрі, меншік объектісі ретінде қарастыратын Кодекс олардың ерекшеліктерін ескереді.

Бұрынғы меншік иесі, егер жануарға өзіне үйірсектігі сақталғанын яғни оған деген сүйіспеншілігін танытқаны немесе жаңа меншік иесі жануарға қатыгездікпен қарайтыны анықталса, жануарды сот тәртібімен қайтаруды талап етуге құқылы.

Яғни, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі мүлікке қатыгездік жасағанына жауапкершілік көздеу мүмкіндігін, оның меншік иесіне байланыстыру мүмкіндігін бекітеді, бұл өзі құқықтың икемділігінің көрсеткіші болып табылады.

Қатаң айтқанда, қаңғыбас жануарлар азаматтық заңның ауқымына кірмейді, бірақ белгілі бір жағдайларда-иесінің қайтыс болуы, иесінің өз жануарын табудан бас тартуы - олар иесіз жануарларға айналуы мүмкін. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі мен ҚРЖЖҚТ Заңның қиылысуының басқа нүктелері бар, мысалы, ҚР Азаматтық кодексінің 246-бабы жануарлардың иесін іздеу кезінде оларды ұстаушы адам оларды бағуында қалдыруы немесе не ол бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар басқа адамға тапсыруы мүмкін деп болжайды.

Қараусыз қалған жануарларды ұстаған адамның өтініші бойынша оларды ұстау үшін қажетті жағдайлары бар адамды іздестіруді және оған жануарларды беруді жануарларды беруді республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

Біз иесіз жануарлардың пайда болу себептерін екі топқа бөлген жөн деп санаймыз:

1) иесі болған жануарлар, бірақ әртүрлі жағдайларға байланысты панасыз қалуы мүмкін. Бұл топқа мыналар кіреді:

иесі іздеуден бас тартқан жоғалған жануарлар;

- иесі бас тартқан және оны бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар басқа адамға тапсырылмаған жануарлар (бұл жағдайда иесі жануарды жай ғана босатады немесе сыртқа шығарып жібереді);

- иесі қайтыс болған жануарлар, оның ішінде иесінің мұрагерлері бас тартқан жануарлар.

2) Көшеде туылған және ешқашан иесі болмаған жануарлар. Бұл топтың санының көбеюі біріншісінің есебінен жүреді, болашақта көбеюді бақылаусыз көшеде туғаннан бастап ұрпақтары пайда болуы мүмкін.

Иесіз жануарлармен жұмыс істеу жөніндегі қызмет осындай жануарларды аулауды, оларды ұстауды (оның ішінде емдеуді, вакцинациялауды, зарарсыздандыруды) және олардың бұрынғы мекендейтін жерлеріне (және өзге де іс-шараларға) қайтаруды қамтиды.

Біз бұл әрекеттің сипаттамасына сәл кейінірек көшеміз, алдымен осындай жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін анықтаймыз.

Жануарлармен жұмыс істеу саласындағы құқықтық реттеудің жалпы қағидаттары ретінде заң жануарларды қорғау, жануардың тіршілігі, саулығы мен амандығы үшін иесінің дербес жауапты болуы, сондай-ақ адамгершілікті нығайту, адамгершілік қағидаттарын сақтау, жануарлармен жұмыс істеу кезінде азаматтардың қауіпсіздігін және өзге де құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету» деп атайды (ҚРЖЖҚт Заңы-3-бабы).

ҚРЖЖҚт Заңның 23-бабы қараусыз қалған және қаңғыбас жануарлармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру мақсаттарын айқындайды, атап айтқанда:

- жануарлардың аса қауіпті және жұкпалы ауруларының, оның ішінде жануарлар қоздырғыштарын тасымалдаушы болуы мүмкін, адамға және жануарларға ортақ аурулардың таралуына байланысты жағдайлардың туындауының алдын алу;

- жеке тұлғалардың денсаулығына және (немесе) мүлкіне, заңды тұлғалардың мүлкіне зиян келтіруді болғызбау;

- жануарлар дүниесі объектілеріне және олар мекендейтін ортаға залал келтіруді болғызбау;

- тіршілігі үшін қауіпті жағдайдағы жануарларға көмек көрсету;

- адасып қалған жануарларды иелеріне немесе жауапты адамдарға қайтару;

- қаңғыбас жануарлардың санын бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен стерилизациялау арқылы реттеу;

- қаңғыбас жануарларды бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен вакциналау мақсаттарында жүзеге асырылады.

Біздің ойымызша, мақсаттар дұрыс тұжырымдалмаған. Біріншіден, осы тізімде мақсаттардан басқа, оларға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар (міндеттер) көрсетілген. Екіншіден, жануарларға көмек көрсету және адасып қалған жануарларды иелеріне немесе жауапты адамдарға қайтару-бұл мақсаттардың өзі емес, жануарларды қорғау мақсаттарына жетуге бағытталған іс-шаралар. Үшіншіден, жануарлардың өздерін тікелей қорғаудан гөрі, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға баса назар аударылғанын байқау қиын емес.

Біз бұл тізімді келесі мақсаттармен толықтырылуы керек деп санаймыз:

- иесіз жануарларды қатыгездік пен озбырлықтан қорғау;

- олардың өміріне кез келген қылмыстық қол сұғушылықтар, осы жануарлардың денсаулығы мен ұрпақтарына төнетін қауіп-қатерлер жою және олар үшін қауіпсіз және қолайлы мекендеу ортасын қамтамасыз ету;

- олардың арасындағы панасыздықты толығымен жою үшін мұндай жануарларға иелерін іздеудің тиімді жүйесін құру.

Мақсаттарды дұрыс қою оларға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар жүйесін дұрыс құруға мүмкіндік береді. Біз бұған мыналар кіруі керек деп санаймыз:

1) эпидемияның пайда болуын болдырмауға оларды вакцинациялау және емдеу үшін қаңғыбас жануарларды жаппай және жоспарлы аулауды жүргізу.

2) иелері жоқ жануарлар арасындағы ауруларды алдын-алу немесе оларды емдеуді және жою туралы мониторинг жүргізу және жұртшылықтың БАҚ немесе әлеуметтік желілер арқылы ақпаратқа қол жеткізу.

3) Халықтың денсаулығын, олардың мүлкін қорғау мақсатында жекелеген адамдарға жануарлардың агрессивті болуын болдырмау үшін иесіз жануарлардың мінез-құлқына бақылау.

4) жедел және ұтқыр түрде тиісті рәсімдерді көрсете алатын жануарларға арналған тегін мемлекеттік ветеринарлық клиникалар немесе «жедел жәрдем» машиналарын құру.

5) атқарушы органдар жануарларға арналған панажайларға барлық қажетті шараларды қамтамасыз ету.

6) Халықпен әлеуметтік жұмыс жүргізу біріншіден, қаңғыбас жануарлардың санын азайту, екіншіден, адамдарға адамгершілік қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу мұндай жануарларды қатыгездіктен қорғау үшін өте қажет болып табылады.

Аталған іс-шаралар қаңғыбас жануарлар мәселесін шешуге ықпал етеді деп санаймыз, бұл ретте олар қауіпсіз тіршілік ету ортасына адам мүдделері мен құқықтарын қорғауды, сондай-ақ қаңғыбас жануарларды қорғауды қамтамасыз етеді.

Қоғамның ізгілік қағидаттарын сақтауға байланысты жабайы, үй және ауылшаруашылық жануарларын ғана емес, сонымен қатар иесіз қалған барлық жануарларды қорғау қажеттілігі туындады. Ең бастысы, заң шығарушы алғашқы қадамды жасады және мұндай жануарлармен жұмыс істеу тәртібін бекітті.

Көрсетілгендей, Заңның бірқатар кемшіліктері де бар, оның көптеген нормалары жеткілікті түрде өңделмеген және түзетуді қажет етеді. Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы уәкілетті органның және Жергілікті атқарушы органдардың жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы өкілеттіктерін неғұрлым егжей-тегжейлі реттеуді талап ететіні анық. Көптеген мәселелер қаңғыбас жануарлармен жұмыс істеудің негізгі әдістерін жетілдіруді талап етеді. Жоғарыдағы ұсыныстар қолданыстағы заңнаманы одан әрі жетілдіру үшін пайдаланылуы мүмкін деп санаймыз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Ченцова О. Обращение с животными в Казахстане и необходимость совершенствования законодательства. <https://online.zakon.kz/>

2. Уикипедия ашық энциклопедиясы. <https://kk.wikipedia.org>

3. Балашенко, С. А. Экологическое право : учебник / С. А. Балашенко, Т. И. Макарова, В. Е. Лизгаро.- 2-е изд.- Минск : Вышэйшая школа, 2021. -400 с.- ISBN 978-985-06-3305-7. -Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: [сайт].- URL: <https://www.iprbookshop.ru/120137.html> (дата обращения: 13.11.2023)